



ХҒТАР 19.21.72  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-148-3-135-149>

## Гонзо – журналистикасы

М.Б. Шиндалиева 

«Тұран» Университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: [m.shindaliyeva@turana.edu.kz](mailto:m.shindaliyeva@turana.edu.kz)

**Аңдатпа.** Қазіргі журналистика мамандығы көбіне әлеуметтік сипатқа ие болып барады. Журналистер ақпарат пен деректерді сараптау арқылы жеткізіп қана қоймай, мәселенің өзектілігіне жұртшылық назарын аударуды көздейді. Қазақстандағы гонзо журналистиканың типологиясы, масс-медиадағы орны мен ерекшелігі бүгінгі журналистика теориясындағы өзекті тақырып және жан-жақты талдауды қажет етеді. Зерттеу жұмысының басты мақсаты – гонзо ұғымын ашу, бұл бағыттың артықшылықтары, қазақ журналистикасындағы орны мен рөліне тоқталып, қазіргі әртүрлі авторлар шығармашылығында гонзаның жаңа интерпретацияға ұшырап, автордың жазған материалының танымалдыққа ие болу мүмкіндіктерін арттырып отырғанын дәйектеу. Осы тақырыпты зерттеу барысында еліміздегі қай масс-медиа саласында гонзо журналистикаға басымдық беретіні, қандай авторлардың публицистикасында гонзо стиліндегі материалдар орын алып жүргені сарапталып, жан-жақты талданады. Зерттелімнің әдіснамасында заманауи БАҚ-тағы гонзо – журналистиканың әдістері мен тәсілдерін қолдану ерекшеліктерін тек бақылап қана қоймай, салыстырып талдап, түсіндіреміз. Қазіргі жаңа масс-медиа саласының даму барысындағы «гонзо- журналистика» деген ұғымның пайда болуы мен дамуы, оның алғышарттары, ақпаратты жеткізудегі әдістері мен тәсілдері нақты қазақстандық масс-медиа мысалында сараланады. Гонзо стиліндегі журналистикада автордың өзіндік тіл мен стиль ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік барын нақты мысалдармен талдап, одан теориялық тұжырымдар шығарылып тиянақталады. Ғылыми мақала журналистикатану саласындағы өзекті тақырып. Бұл осыған дейін қазақ журналистикасын зерттеген еңбектерде қарастырылмаған және оның өзектілігі туралы тыңғылықты пікір айтылмаған. Аталған зерттеу мақала журналистиканың жаңа бағыттарын зерттеушілердің ғылыми ізденісіне жол сілтейді.

**Түйін сөздер:** гонзо, журналистика, ақпарат, автор, дерек, публицистика, стиль, жаңа медиа.

## Кіріспе

«The Boston Globe» журналы редакторы Билл Кардосо 1970 жылдары «Scanlan's Monthly» журналында жарияланған Хантер Томпсонның «Кентуккидегі ат жарысы» атты мақаласын оқығаннан кейін «гонзо» терминін алғаш рет айналысқа түскен. Сол уақыттан бастап бұл термин кеңінен тарай бастады. Жалпы гонзо сөзінің шығу тегінің бірнеше нұсқасы бар екені ғылыми әдебиеттерде жазылған. Оңтүстік Бостондағы ирланд топтарында бұл сөз бүкіл компанияда түні бойы ішімдік ішіп, аяғына дейін тұра алатын адамды «гонзо» деп атаған. Билл Кардосо «гонзо» сөзінің түбірін француздың сөздігіне сілтеме жасап «жарқыраған жол» деген мағына береді деп түсіндіреді. Кейбір зерттеушілер испан тіліндегі «gonzagas» «мен сені алдадым» дегенді білдереді дейді. «Gonzo» сөзі ағылшын тілінен тікелей аударғанда «есі ауысқан», «ессіз» деген мағына береді екен [1]. Ал журналистикадағы гонзонның мағынасы баяндауы терең субъективті стильде жазылатын, репортердің бейтарап бақылаушы ғана емес оқиға, құбылысқа тікелей араласушы, қатысушы ретінде баяндауы және өзі жазып отырған мәселеге эмоциясын ашық білдіріп, оқиғаның мағынасын барынша ашып көрсетуін айтады. Гонзо публицистикада дерексөз, юмор мен сарказм, асыра сілтеу сарынымен қатар кейде балағат сөздердің белсенді аралас жүруі мүмкін.

Батыстың журналистика теориясы мен тарихын зерттеушілер қару-жарақ пен ішімдікке және саясатқа құмар болған танымал американдық жазушы Эрнест Хемингуэйді гонзо журналистикасының бастаушысы деген пікір айтады. Ол 1932 жылы жарыққа шыққан «Түстен кейінгі өлім» кітабында испандық коррида дәстүрін егжей-тегжейлі сипаттап қана қоймай, танымал матадорларға деген көзқарасын, испан барларындағы бітпейтін әңгімелерді сол қалпында дәл суреттеп береді. Бұл шығармасында жазушы субъективизм, эклектизм, авторлық сөздерге көп басымдық берген. Дәл осы ерекшеліктер кейіннен америкалық Х.Томпсонның публицистикалық шығармашылығында орын алған.

Гонзо-журналистиканың тамаша үлгісі Хантер Томпсонның гонзо стиліндегі «Кентуккидегі ат жарысы» атты мақаласы. Жас журналистке редактор нақты тапсырма беріп, Кентуккиге әйгілі ат жарысын (дерби) жазып, көрсету үшін іссапарға баруды сұрайды. Х.Томпсон жарысқа барып, өз күнделігіне мас болып, көңіл көтеруге келген көрермендердің мінез-құлқын барынша шынайы суреттеп жазады.

«Кәдімгі оңтүстік ісінуі бар күлгін беттер, ескі Айви стилі, жолақты күртешелер және консервативті жағалары бар. «Гүлденген кәрілік деменция» ерте қайтыс болды, немесе әлі күйіп кетпеуі мүмкін [2]. Хантер Томсон ешнәрсені өңдеместен, өте қатаң және терең субъективті жазбалары мен эскиздерін басылымға тапсырады. Жарияланған мақала қоғамда үлкен резонанс туғызып, бұл мақалада ат жарысы туралы бірде-бір жол жоқ, автор тіпті жеңімпазды да көрсетпейді. Ол өзін шынымен қызықтыратын нәрсеге назар аударады және оның пікірінше, оқырмандарды қызықтыратын қоғамдық мінез-құлыққа барынша көңіл бөледі. Осы оқиғадан кейін гонзо журналистика көп жылдар бойы жаңа мүмкіндіктер туғызып, жаңа интерпретацияларға ие болып, танымалдығы өсті. Қазір бұл журналистикадағы бағыт тек Америкада ғана емес басқа шетелдерде, қазақстандық журналистикада кеңінен өріс алып келеді.

Зерттеудің нысаны қазіргі журналистикадағы гонзо-журналистиканың қалыптасуы, даму тарихы, қоғамдағы рөлі мен осы бағытта жазатын қазақстандық журналистер шығармашылығы мен тәжірибиесін талдап, сараптау. Зерттеу пәні ретінде гонзо-журналистиканың шетелде пайда болуы мен қазақтілді БАҚ-тағы көрінісін салыстыру арқылы осы жанрдың дамуын, өзіне тән ерекшеліктері алынды.

Гонзо-журналистиканы зерттеген ғалымдар аз және әлем журналистикасында бұл тақырыптағы зерттеулер саны шектеулі. Д. Стулл өз зерттеуінде гонзо-журналистиканы зерттеуге арналған еңбектердің аздығын өкінішпен айтады [3]. Ақпараттық жаһандану дәуіріндегі журналистика мен коммуникацияның жаңа тенденциялары, гонзо-журналистиканың қалыптасуы мен дамуы, Х.Томпсонның публицистикалық туындыларының көркемдік ерекшелігі туралы зерттеу жүргізген авторлар (Cheng Manli., 2004), `( Cheng Manli., 2004), `(Prpić Zvonimir, 2018), (Matthew Winston., 2020), `( Kiernan, Michael P., 2015), `(Kilpatrick, Beau., 2019 ), (Jeffrey J. Horvath., 2015) т.б. бар. Бұл тақырыпта зерттеу жүргізу барысында Америкадағы осы стильдің дамуына үлес қосқан Х. С. Томпсон (Thompson H. S., 2012), осы жанрды зерттеуші Т. К. Вулф (Wolfe T. K., 2008), орыс ғалымдары В.В.Ученова (Ученова В.В. Беседы о журналистике. - 2-е изд. - М.: Молодая гвардия, 1985. - 204 с.), К.В.Тулупов (Тулупов К. В., 2019), А.А. Тертыхный (Тертыхный А. А., 2000) т.б. еңбектеріне сүйендік. Қазақстандағы әлеуметтік институттар негізіндегі ақпарат тарату жүйесі, ғаламтордағы ақпарат тарату ерекшеліктерін сөз еткенде Н.Омашев, С.Қозыбаев, М.Саудбаев, Б.Мұсаева, М.Бакеева т.б. еңбектерінде қазіргі жаңа медианың бағыт-бағдары мен спецификасы, журналистикадағы жаңа құбылыстар сипаттамасы берілген.

Гонзо стилі туралы орыс ғалымы О.А.Игошина: «Бұл қазіргі медиадағы ең шыншыл және белгілі бір нормасы жоқ, сөз мәнері толығымен автордың мінезіне байланысты жазылатын ерекше стиль» [4], - деп анықтама берген. Қазіргі БАҚ-тағы гонзо стилінде жазатын журналистер оқырманның назарын проблемаға аудару үшін эмоционалды лексиканы пайдалану арқылы өз пікірлерін білдіріп жатады.

Бабенко В.В. (Бабенко В. В., 2013), Базикян С.А., Фильченкова А.А. (Базикян С.А., Фильченкова А.А., 2015), Захаров Ю (Захаров Ю., 2009) ресейлік БАҚ-та гонзо стилін өзгерту мәселелерін зерттесе, гонзо- журналистикасының ерекшеліктерін зерттеген ғалым К.Свинцицкая (Свинцицкая К., 2011) гонзоның жанр ретіндегі ерекшеліктерін зерделеген.

Мақаланы жазу барысында теориялық және эмперикалық зерттеулерге сүйеніп, қазіргі жаңа медиадағы гонзо-журналистиканың орны мен дамуы туралы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, гонзодағы субъективті көзқарас, автордың эмоциясының берілу тәсілдерінің оң және теріс әсері салыстырмалы талдадық. Гонзо стилінде жазылған медиамәтіндер мазмұны мен стилі дискурстық талдау элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

Ғаламтор желісінің дамуымен қатар Қазақстан масс-медиясында гонзо бағытындағы жазбалар пайда бола бастады. Осы стильде жазып жүрген авторлар саны баршылық. Оқиганы барынша әсерлі суреттеу арқылы автор өзінің ойы мен эмоциясын жазбасына қосып, қиялға орын беріп, оқырман көңілінен шығу ұтымды деп ойлауы мүмкін.

Дегенмен оның салдарынан жалған ақпарат тарап кету мүмкіндігі зор және бұл блогер-журналистердің өз бағытын анық білмеуінен немесе байқамай арасына өз қиялына орын беріп алатын сәттері көп кездеседі.

Заманауи ақпараттық кеңістікте гонзо-журналистиканың даму тарихы, теориясы, осы стильді қалыптастырушылардың шығармашылық жолы, гонзо- журналистиканың қоғамдағы рөлі мен жаңа интерпретацияға ұшырауы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.

Заманауи ақпараттық кеңістіктегі гонзо-журналистиканың орын алу заңдылықтары, оның өзгеріске ұшырауы, осы бағытты ұстанушы шығармашылық иелерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау бүгінгі таңда өзекті. Гонзо-журналистиканың өзіне тән ерекшелігі мен оның қазіргі жаңа медиадағы орны мен рөлін зерделей отырып, біршама тарихы бар бұл стильдің әлі маңызын жоймай, керісінше әлеуметтік институтта өзіндік орынға ие болып отырғаны талданады.

Қазіргі журналистикада болып жатқан оқиға мен құбылыстың деректеріне гонзо стиліндегі мақала авторы өз ой-пікірін қосу үрдісі, оның шығармашылық даралығын ашуға мүмкіндік туғызады. Оқырманмен ой бөлісіп, кері байланыста болуы заманауи журналист қызметінің ажырамас бөлігіне айналуы гонзо стилінде мақала жазуға мол мүмкіндік береді. Журналист тек ақпаратты таратып қана қоймай, сол өзі пайдаланған деректердің шығу тарихымен таныса отырып, қоғамда болып жатқан әртүрлі жағдайларға баға беруші және өз оқырманын қоғамдық белсендікке шақырушы ретінде көрінуі заңдылық.

## Әдіснама

Жалпы «гонзо-журналистика» деген ұғымды енгізген Труман Капоте, Том Вульф, Бейнбриж Жейсон, Гок Никола, Тайман Лиз зерттеулерін, гонзо стилін қалыптастырған Хантер Томпсон жазбаларын, орыс зерттеушілері арасында Е.Н.Шагалов, А.П.Евгеньева, А.Н.Чудинов, А.С.Носков, О.А.Игошина т.б. ғалымдардың еңбектерімен жете танысып, соның негізінде мақалада теориялық тұжырым жасалды. Зерттеуді жүргізу барысында алдымен мағлұматтарды жинастырып, танысу барысында сараптау әдісін пайдаланып, жүйелі түрде сипаттау арқылы негізгі тұжырымдар жасалды.

Гонзо-журналистика – бұл журналистиканың ерекше бағыты, ол автордың жеке тәжірибесіне және эмоцияларына негізделген. Бұл стильдің негізгі ерекшелігі – журналистің өзіне тән көзқарасын, сезімдерін және пікірлерін оқырмандармен бөлісу. Гонзо-журналистикада зерттеу әдіснамасы дәстүрлі журналистикадан ерекшеленеді, өйткені ол субъективтілік пен шығармашылықты біріктіреді.

Біз гонзо бағытындағы журналистиканы зерттеуде сапалық және сандық әдістерді пайдаланып, қазақстандық медиадағы жарық көрген материалдардың мазмұнын талдадық. Гонзо стиліндегі ақпараттар қалай қабылданатынын және қоғамдағы рөлін анықтап, зерттеуде визуалды, аудио және интерактивті контенттерге көбірек көңіл бөлдік. Қазақстандағы гонзо- журналистиканың ақпараттық қоғамдағы рөлі мен

қоғамдық пікір қалыптастырудағы маңызына, шынайы және дәл ақпаратты жинап, талдауға және жариялауға мүмкіндік беретініне талдау жасадық.

Гонзо-журналистика субъективтілікке, жеке тәжірибеге және автордың эмоциясына негізделеді. Негізгі әдістер мыналарды қамтиды: мұнда автордың жеке тәжірибесі мен көзқарасы маңызды, мәтіндеріндегі стиль, құрылым, тіл жан-жақты зерделеніп, гонзо стильдің ерекшелік, артықшылық пен кемшілік, стильдің әлеуметтік және мәдени әсерін түсіндіруге талпыныс жасалды.

Публицистикадағы гонзо бағытының белгілерін теориялық еңбектерге сүйене отырып анықтап, алынған ақпаратты талдау, салыстыру, гонзо стильдегі материалдарды әсіресе әлеуметтік медиадағы нақты мәтіндер негізінде саралап, салыстырып, жүйеледік.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Ақпараттық технологиялар қарқын алған кезеңде әркім өзін гонзо- журналист ретінде көрсетуге, сол арқылы танымалдыққа ие болуға талпыныс басым. Әлеуметтік желілерде жиі кездесетін осындай жазбалардың көбею факторы журналистикаға кері ықпал етіп отыр деген пікірлер баршылық. Журналистикадағы гонзо арқылы танымалдылықтың өзіндік өсу факторлары бар: ХХІ ғасыр әлемде қоғамдық-саяси жағдай ушығып тұр және кез келген өзекті мәселені көтерген мақаланың тез тарауына қолжетімді интернет желілері себеп бола алады. Азаматтық журналистиканың жедел қарқынмен дамуы гонзо-журналистиканың дамуына өз әсерін тигізуде. Медиа саласында жеке журналистерді бренд ретінде алға жылжыту ұстанымы етек алып келеді. Сондықтан гонзо журналистика заман талабына сай, контент өндіру мен өңдеудің заманауи форматына сәйкес келеді. Бұл стиль Қазақстанда қазірдің өзінде қалыптасып, белсенді түрде қолданысқа еніп үлгерді.

Қазіргі журналистикада әрбір адам аудиторияның бір бөлігі ретінде өз ақпаратымен бөлісе алатын ортада өмір сүріп жатыр. Әсіресе ғаламтордағы кері байланыс орнату тетіктері әр адамның кез келген мәселеге байланысты өз пікірін білдіруге мүмкіндік беруімен құнды. Бұқаралық ақпарат құралдарының онлайн нұсқалары тәуелсіз БАҚ-қа қойылатын талаптарға жауап бере алады. Соның ішінде блогосфера дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарымен әрекеттесіп жатқаны шындық. Осы блогосфераның дамуы гонзо журналистиканың дамуына оң әсер етуде. Блогтарда жарияланып жатқан ақпараттар мазмұны жағынан өзінің субъективтілігімен, тікелей автор көзқарасының ашық берілуімен ерекшеленеді. Гонзо стильдегі материалдар көбіне блогосфера мен әлеуметтік желілерде көрініс табуда. Себебі, ғаламтордағы ақпараттар цензураға аз ұшырайды және әр адамның өз қалауынша ойын ашық айтуға, еркін стильде жеткізуге мүмкіндігі бар орта осы ғаламтор желісі болып отыр. Гонзо стиліндегі ақпараттар өте қарапайым стильде жазылып, кез келген жастағы оқырман тез қабылдай алатын түсінікті тілде жазылуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар гонзо стилінде автор өзінің субъективті пікірін білдіру арқылы ой еркіндігі мен тәуелсіз көзқарасын білдіру еркіндігіне ие. Қазіргі қоғамда гонзо жанрының танымал бола бастауының бірнеше себебі бар.

Біріншіден, әлемдегі шиеленіскен әлеуметтік дағдарыс пен алыс-жақын шетелде болып жатқан соғыстар туралы материалдар ғаламтор арқылы тарап жатыр. Ал ғаламтор – гонзо-журналистиканың негізгі алаңы.

Екіншіден, азаматтық журналистиканың белсенді әрекеттері арқылы гонзо өзекті тақырыптарды талдап, таразылап, өз ақпаратында субъективті пікірге орын беруі қарапайым бұқараны өзіне тартудың негізгі құралы.

Үшіншіден, гонзаның танымалдығы артып, бұл стильдегі ақпараттарды кез-келген уақытта өңдеуге болатын заманауи форматта болуы.

Журналистика теориясында гонзо стиліне жақын репортаж, очерк, мақаланың кейбір түрлері мен сұхбаттың кей пішіндерімен ұқсастық, ортақтық белгілері бар. Әсіресе, әлеуметтік журналистикада көп кездесетін ақпараттық топқа жататын посттарды жатқызуға болады. Гонзо стилінде болған оқиға немесе болып жатқан құбылысқа журналистің субъективті көзқарасы суреттеледі, яғни ақпаратқа өзіндік көзқарас өлшемімен баға беру орын алады. Бұл әрине репортаж жанрының элементтеріне сүйене отырып, автор болып жатқан оқиғаны сол күйінде боямасыз эмоциямен баяндап беруі басты орын алады. Гонзо стилінде ыза, жек көру, сүйсіну, ашу сияқты адам эмоциясына орын беріледі.

Репортаж жанрында басты назар болып жатқан оқиғаға негізделсе, гонзо стиліндегі назар репортердің айналасындағы көңіл-күй мен адамдардың әрекетіне негізделеді. Бұл стильдің белгіленген ережесі жоқ және ақпарат тек автордың деректерді беру тәсіліне, шеберлігіне тәуелді және автор позициясы бірінші орынға шығады.

Гонзо-журналистиканың басқа жанрдан айырмашылығы мынада:

- репортер оқиғаның тікелей қатысушысы, орталық объектісі;
- мәтіннің негізгі нысаны оқиғаның баяндалуы емес, журналистің сезімі мен субъективті реакциясына негізделеді;
- гонзо-публицистикада мәтінде ерекше экспрессивтілік пен экстремалды дәрежеде суреттеліп, ұятсыз лексиканы, лепті сөздер мен ирониялық бояулар пайдаланылып, риторикалық сұрақтар қойылуы да мүмкін;
- мәтінде айқын құрылым болмайды. Бұл пікір М.Кастелстің гонзо стиліне тән принциптерге арналған еңбегіне сүйеніп жіктелді [5].

Эмоциялық әсерге толы ақпарат көбіне телевизия саласына тән. Әсіресе тікелей эфирдің барысында тележүргізуші, қатысушы авторлар эмоцияға беріліп студиядағы көңіл-күй әсерінен жылау, қуану, реніш, ыза т.б. эмоциялық әсермен көзге түседі.

Біздің телеарналарда гонзо стиліне жақын бағдарламалар баршылық. «Qazaqstan» ұлттық арнасындағы «Мың бір түн», «Бірінші арнаның» «Қалаулымы», «КТК» арнасындағы «Астарлы ақиқат» т.б. бағдарламаларда осы стилге тән әдіс-тәсілдер қолданылады. Бірақ гонзо стиліндегі шығармаларды сары басылымдар пайдаланатын әдіс-тәсілдермен шатастырмаған абзал. Бұл ең алдымен қоғамдық журналистикаға жақын, қоғамның сауатын ашу мен діни, саяси, қоғамдық көзқарасты қалыптастыруға бағытталған журналистиканың саласы десек болады.

Гонзо стилінде сонымен бірге ауызекі тілге тән мәтіндер көп кездеседі. Біз байқағанымыздай кейбір әлеуметтік желідегі белгілі, белгісіз тұлғалар айтулы оқиға,

құбылыстарға жұрт назарын аудару үшін ұятсыз сөздерді қолдану арқылы оқырманды тартып жататын жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы жақында қоғам қайраткері, блогер-журналист Арман Шораев өзінің Фейсбуктегі парақшасында Путинді қолдаушы Г.Лепстің Қонаев қаласындағы түнгі клубтың бірінде жоспарланған концертін болдырмауға шақырып, оны өткізбей тастауға үлес қосқан адамға бір миллион теңге сыйақы беретінін айтты. Осы посқа қатысты Солтүстік Қазақстан облысындағы көші-қоң мәселесімен айналысып жүрген Бурахан Дақанов: «Алмен, Лепстің концертін бұзған адамға – Солтүстік облыстан бір гектар жер берем әкесс», – деген жазба қалдырып, елді елең еткізетін мәлімдеме жасады. Бұл мәлімдемелер қоғамдық резонанс тудырып, соңында облыстық, қалалық әкімшілік пен клуб басшылығы Г.Лепс концертінен бас тартты. Осы жағдайға байланысты Қазақстан мен Ресей массмедиасында ондаған жазбалар жарияланып, қоғамдық пікір қалыптасты. Журналист Ораз Әлімбековтің «Skif news» сайтында жарияланған мақаласында «Арман Шораев миллион теңгелік уәдесін жұтып қойды» деген ат қойып, жазған мақаласына оқырмандар тарапынан жүздеген комментарийлер жазылып, комментарийлердің мазмұны нағыз гонзо стиліндегі мәтіндерге толы болды. Мысалы, Жан Аббас деген оқырман «Ең бастысы мақсат орындалды ғой, енді неңіз бар қазбалап. Содан абырой табам деп отырсыз ба?», – деп жазса, Камила Тоқбаева: «Автор, Лепс келмейтін болды, ал кімнің арқасында белгісіз. Бүкіл ФБ шулады ғой. Бәрі миллион алу үшін шуламаған шығар. Арман ел назарын аудармаса, Лепс келіп ақшанды жинап алып кетер еді. Жұмылып жұдырық болудың орнына бір біріңнің артынан сөз жинаған неменеге керек? Орыстарға күлкі болып отырыңдар, тырнақ астынан кір іздеп» т.б. жүздеген жазба жарияланған.

Журналист Назия Жоямергеннің осы оқиғаға байланысты 2023 жылы 18 маусымда жеке парақшасындағы жазбасы әлеуметтік желіде жарияланып, оқырманға ұсынылған. Мақала аты «Фашист концерт қояды» деп аталып, «Мына топас (өзі алқаш, неше концертінде сахнада мас күйінде құлап қалған) өзінің «рашист», «фашист» екенін ашық мойындаған. Әрбір өлтірілген украин әскері үшін миллион рубль берем деген. Енді Қазақстанға концерт қоюға келе жатыр. Билеті қымбат. Әр билеттен түскен ақшаны Украинадағы Отанын қорғап жүрген азаматтарды өлтірген қанышерлерге төлейді», – деп қазақтарды бұл концертке бармауға шақырады. Өзінің азаматтық ұстанымына сүйеніп жазылған бұл жазбаға оқырман бей-жай қарамай көп пікір жазып қалдырған.

Қазіргі таңда көптеген блогерлер гонзо жанрында жұмыс істеп, гонзонның өзіне тән элементтерін пайдалану арқылы оқырмандарының қызығушылығын арттырып отыр десек артық болмас. Бұл бір жағынан адам баласын қатты ойландыратын, терең мазмұнға жетелейтін мәтіннен гөрі жеңіл оқылып, тез қорытындыға итермейлейтін жазбалардың болуы заман талабы шығар. Бұл жанр субъективті көзқарастан туындайды және дәстүрлі журналистикамен айналысып жүрген мамандар бұл стильге үрке қарайды. Бірақ қазіргі қоғамда осындай жазу стилі мен ой жеткізудің, ой еркіндігі көпшілікке жағымды әсер етіп отыр. Блогерлердің көпшілігі осы стильді таңдауының себебі осында болса керек. Журналист Серік Абас-шахтың әлеуметтік желідегі парақшасындағы жазбалары тек субъективті пікірлерге толы. «В.Путиннің мықты саясаткерлігін мақтап, В.Зеленскийдің «сайқымазақтығын» «дәлелдеуге» тырысқан бір жолдасымның аузынан «біздің

қоғамның орыс тілсіз болашағы жоқтығы» жайлы сәуегей пікір шығып кетті. Қызып отырғанда шықты (екі мағынасында да). Аузым ашылып қалыпты. Бұл жолдас та ауылдың қарадомалағы. Бұл жолдас та еліміздің патриоты. Бұл жолдас та қазақ тілінің мүшкіл халі жайлы дұрыс әңгіме айтып жүр(ген). Үнсіз қалдым. Сөзім таусылғандықтан емес, таңданыстан. Қасымдағылардың ойы осылай болса, басқаға не өкпе?». Автордың таза субъективті пікірі қоғам пікірімен астарласып, шын ақпаратты боямасыз берумен ерекшеленген. 2023 жылдың 4 шілдесіедгі жазбасында автор: «Әл-Фараби даңғылымен көлікпен жүру – үлкен төзімділікті қажет ететін (бұрында). Қазіргі кезде осы даңғылдың бойымен оншақты рет (ары-бері) жүріп өткен әрбір жүргізушіге «Құрмет» орденін бере салса да артық етпейді ау деймін (кімнің кеудесіне тағылмай жатқан темір ол?!», Алматыдағы көше кептелісі мәселесін жазған блогер жұртшылық пен әкімшілік назарын осы мәселеге аударып, оның шешілу жолдарын іздеуді сұрайды. Мұндай сарказммен жазылған материалдар қазірге салмақты түрде қабылдамаса да қарсы тарап пікірін талап етіп жазылған посттан өзекті проблеманы көріп отырмыз. Журналист жан-жағында болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға бей-жай қарамай, өз іс-әрекетімен ақпараттық ашықтыққа шақырып отыр.

2023 жылы 2 шілде блогер-журналист Жеңіс Құспанның Фейсбук парақшасында «Макрон, үтік қайда?» деген жазбасы жарияланды. Мұнда Франциядағы ереуілшілер жүздеген супермаркет, 250 жуық банк бөлімшесін тонап, өртеп, быт-шытын шығарғаны туралы жазылған. 2400 адам ұсталып, жазаға тартылған. «Бірақ ешкім «Ескертусіз оқ ат!», «Үтік бас!» демепті», - дейді. Біздікілер «Масқара!» деп чочып жатқан шығар» деген жазба қалдырған. Қысқа және нұсқа жазбада автор Қазақстанның құқық қорғау органдарын сынап, сарказммен өзінің жеке пікірін ашық білдірген. Жазба астында жазылған ондаған комментарий мазмұны осы сарында және Франция еліндегі демократия, ашықтық, адам құқығының сақталу дәрежесін қазақ елінің бүгінгі жағдайымен салыстырғанын көреміз. Аз көлемдегі жазбаның өзі қоғамдық пікір туғызып, қарапайым оқырманның сыни көзқарасын білдіруге септігін тигізіп отыр.

Жоғарыдағы гонзо стиліндегі материалдарды талдау барысында мәтіндердегі әзіл-оспақ, сарказм, автор позициясының субъективтілігі, мәтінде кездесетін жаргондар, қоршаған ортадан хабар беретін компоненттер байқалады. Журналист мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарында журналистикадағы гонзо бағыты туралы арнайы пән оқылмайды. Арнайы пән оқылмаса да кей пәндердің ішінде жеке тақырып ретінде қарастырылып, бұл бағыттың ерекшеліктері туралы ақпарат жан-жақты беріліп келеді.

Бұл стиль негізіне болған оқиға мен құбылысқа жан-жақты баға беруге объективті және субъективті пікірлерді ортаға салуға қолайлы пішін. Бұл стиль арқылы қоғамдық ашықтыққа жол жеткізіледі және әр оқырман, журналист, блогер өз субъективті пікірін білдіруге мүмкіндігі бар. Бұл стиль Америкада бұрыннан бар және қазір дамып отырған бағыт, қазақтілді массмедиада енді ғана дамып жатыр десек артық болмас. Бұл жанрдың табиғаты автордың өзі материалдың ортасында болуымен қатар бақылаушы, баға беруші, жеке көзқарасын ашық жеткізуші ретінде көрінеді. Бұл жерде автордың оқиғаға деген көзқарасы орталық позицияда көрінеді. Негізгі идея оқиға емес, автордың осы



оқиғаға жеке ұстанымы бірінші орынға шығады. Содан кейінгі ерекшелік жазылған материалда эмоцияға көп басымдық беріледі. Эмоционалдық лексиканы көп пайдаланып қана қоймай, сол арқылы сұраулы, лепті сөйлемдерді барынша мол қолдану үрдісі басым.

Гонзо-журналистиканың өзіндік стильдік ерекшелігі мәтін ішінде эмоцияға орын берілуі. Ауызекі тілде пайдаланатын сөздермен қатар, әзіл, теңеулер, болып жатқан оқиғаға немесе құбылысқа асыра сілтеп баға беру, кей жағдайда дәрекілік басым болады. Бұл туралы ғалым Н.А. Удалова: «Бұл стильдің басты ерекшелігі – болып жатқан оқиғаға субъективті баға берумен қатар, әдеттен тыс таңқалдыратындай өткір тілмен баяндау стилі тән» [6], - дейді. Кейбір зерттеушілер гонзо стилінде шамадан тыс балағат сөздер көп кездеседі деп есептейді. Бұл пікір орынсыз және шамадан тыс балағат сөз қосылған журналистік мәтінді гонза журналистика десек адасамыз. Қорыта келгенде, гонзо-журналистиканың айрықша белгілеріне: репортаж жанрына тән белгінің басым болуы, мәтінде автордың ішкі эмоциялық көңіл-күйінің мол берілуі, оқиға ортасында автордың тұруы, авторлық лексиканың сақталуы дер едік.

### **Қорытынды**

Жаһандану дәуірінде журналистикаға жаңашылдық тән және жаңа бағыттың, жанр мен пішіннің пайда болуы заңды құбылыс. Бұл туралы М.М.Бахтин: «Қазір жаңа жанрлар өмірге келіп жатса да бұрынғы жанрлардың орнын баса алмайды, жанр саны көбейген сайын журналистика жаңарады» [7], - дейді.

1960 жылдары Америкада пайда болған гонзо-журналистика сол елдің барлық басылымдарына үзбей шығып тұрған және біздің елімізде жаңа медианың өріс алуына байланысты бұл бағыт дамып, қалыптасып, баяндаудың субъективті түрі көпшілік оқырманның ойынан шығып, гонзо стилінде жазатын журналист-блогерлер саны көбеюде. Жаңа технологиялар дамуымен қатар әлеуметтік институттар дамып, блогинг, мессенджер, бейнехостинг платформаларында бұл стильдің дамуы жеделдей түсті. Мақаламызда гонзо-журналистиканың пайда болуынан бастап, қазіргі кезге дейінгі даму кезеңдерін, әлемдік гонзо стилінің ерекшелігі мен жанрдың қазіргі қоғамда атқарып отырған қызметін айқындап, гонзо-журналистиканың қазақстандық бұқаралық медиада ерекше публицистикалық стиль ретінде қалыптасып келе жатқаны, оның ең маңызды қағидасы шындықты суреттеу екенін зерделедік.

Гонзо-журналистикадағы негізгі көрнекілігі дыбыс, иіс, түсті суреттеу арқылы оқырман көз алдына болып жатқан оқиға не құбылысты елестету жағы басым. Одан кейінгі кезекте динамика, яғни іс-әрекеттің дамуы кезең-кезеңмен жүзеге асып, сюжет арқылы шарықтау шегіне жетеді. Қоршаған ортаның сипаттамасы мен қатысушылар әсері мимика, киім кию т.б. элементтер де ұмыт қалмайды.

Ойымызды қорыта келе, журналистиканың гонзо бағыты қазақ жерінде жаңаша мазмұнға ие болып, өзіндік қалыптасуы, даму кезеңдерін басынан өткеруде. Біздегі гонза публицистиканың негізгі белгілері мәтінде авторлық ой бірінші орынға шығып, жалғыз бақылаушы және баға беруші позициясын иеленеді.

Классикалық журналистикаға гонзо сөзсіз әсер етіп, стильдің дамуына жаһандық қоғамдық-саяси ахуалды талқылауға қажетті материалдармен қамтамасыз ету үшін, журналистика жанрларының трансформацияға ұшырауы журналистік жазбалардың пішіндерінің өзгеруінесептігін тигізіп отыр. Қазіргі медакеңістікте азаматтық журналистика дамып келе жатыр және белгілі бір авторлық стильге назар аудару үрдісі орын алуда. Өзіндік стилі бар журналисті, блогерді оқырман таниды, оқиды, жиі қарап, тыңдау үрдісі қалыптасып келе жатқаны қуантады.

Қазақ журналистикасындағы гонзо бағыты әлі қалыптасу кезеңінде және бұқаралық медианың блогосфера саласында қалыптасып, даму үстінде. Біздің журналистикадағы гонзонның ең маңызды қағидасы шындықты айту мен оның түбіне жетуге деген ұмтылыстың басымдығын көрсетеді.

Қазақстанда гонзо екі бағытта даму үстінде: азаматтық журналистерге арналған ақпараттық порталдар мен жеке блогосферадағы ақпараттық хабарламалар ағыны. Қарапайым гонзо журналистің мәтінін еліміздің ешбір басылымы баспайды. Бұдан шығатын қорытынды Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының мазмұнына шолу жасау барысында байқағанымыз, басым көпшілігі консерватизмге бейім, айтарлықтай еркіндік жоқ екені байқалады.

Бізде дамып келе жатқан журналистикадағы гонзо бағыты адамдарға эмоция сыйлап қана қоймай, қоғамдағы өзекті мәселелерге тікелей араласуға, журналистің оқырман позициясы әсер етуіне мүмкіндік туыпқана қоймай, кері байланыс орнатып, оқырманмен диалог құру жолындағы таптырмас пішін деуге толық негіз бар.

Гонзо-журналистикасы бүгінгі таңда ақпараттық кеңістікте айрықша орын алады. Оның қалыптасуы мен дамуы заманауи қоғамның қажеттіліктеріне жауап бере отырып, азаматтық журналистиканың, әлеуметтік желілердің және интернеттің ықпалы арқасында кеңейіп келеді. Гонзо стилі автордың субъективті көзқарасы мен эмоцияларын ашық көрсету арқылы, аудиториямен терең байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Бұл стильдің негізгі ерекшеліктері – экспрессивтілік, жеңіл тіл, эмоционалдылық, және ауызекі стильдің кеңінен қолданылуы. Гонзо журналистикасы оқырмандарды тарту, қызықтыру және оларды ақпараттық кеңістікке мол ақпарат тартуда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік желілер мен блогосферадағы материалдар жеңіл, түсінікті тілмен жазылады және кез келген жастағы аудиторияға бағытталады.

Гонзо-журналистикада журналистің оқиғаға тікелей қатысуы маңызды. Бұл әдіс арқылы автор оқиғаға тереңірек еніп, оның нюанстарын, атмосферасын және кейіпкерлерін жақсы түсіне алады. Журналист, әдетте, зерттеу барысында бақылау, интервью жүргізу және жеке тәжірибесін жазу арқылы ақпарат жинайды.

Сұхбат гонзо-журналистиканың маңызды бөлігін құрайды. Журналистер көбіне сәтті сұхбаттасу үшін бейресми және ашық пікір алмасуды қалыптастырады. Бұл әдіс оқиғаның шынайы көрінісін, қатысушылардың эмоцияларын және жеке пікірлерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Гонзо стильде әдеби тәсілдер мен шығармашылық элементтерді пайдалану өте маңызды. Журналистер метафоралар, сюжеттік желілер және сипаттамалар арқылы

оқырманды оқиғаға тартуға тырысады. Бұл стильдің мақсаты – тек ақпарат беру емес, сонымен қатар оқырманды эмоциялық тұрғыдан әсерлендіру. Гонзо бағыты мәдени және әлеуметтік контексті ескеруді қажет етеді. Оқиғаның мәнін түсіну үшін журналистер әрқашан мәдени факторларды, әлеуметтік динамиканы және қатысушылардың тәжірибесін назарға алады. Осылайша, гонзо-журналистиканың зерттеу әдіснамасы жанды, субъективті және шығармашылық тәсілдерді біріктіріп, оқырманды оқиғаға терең бойлау бағытталады. Бұл стиль шынайылықты, эмоцияны және жеке тәжірибені бағалай отырып, журналистиканың дәстүрлі шекарасын кеңейтеді.

Қазақстанда гонзо-журналистикасының элементтері белсенді түрде қолданысқа еніп, қоғамдық мәселелерді көтеруге, ашық пікір алмасуға ықпал етуде. Блогерлер мен журналистер өзекті тақырыптарды талқылап, жеке пікірлерімен бөлісіп, қоғамдық пікірді қалыптастыруда белсенділік танытуда. Бұл процесс қоғамдық ашықтықты арттырып, азаматтардың ақпараттық сауаттылығын көтеруге жәрдемдеседі.

Гонзо-журналистикасының дамуы, ақпараттық алуан түрлілікті арттырып, қоғамдық пікірталастарды күшейтіп, демократиялық процестерді қолдауға ықпал етеді. Нәтижесінде, журналистика тек ақпарат тарату құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы өзгерістерге ықпал ететін, адамдарды біріктіретін алаң ретінде қызмет атқарады.

Қорытындылай келе, гонзо-журналистикасы – қазіргі заманның талаптарына жауап беретін динамикалық және әсерлі медианың форматы. Оның дамуы қоғамда ақпараттық ашықтықты, пікір алмасуды және азаматтық белсенділікті арттырып, журналистиканың жаңа пішіндерін қалыптастыруға ықпал етуде.

### Әдебиеттер тізімі

1. Бабенко В. В. Особенности стилистики гонзо-репортажа Хантера С. Томпсона. – СПб. – 2013.
2. Базикиан С. А., Фильченкова А. А. Гонзо-журналистика в России. Учёные записки Новгородского государственного университета имени Ярослава Мудрого. – №2. – 2015.
3. Бахтин М. М. Собрание сочинений в 7 томах. Проблемы поэтики Достоевского. Работы 1960-1970 г.г. Языки славянской культуры. – М. – 2002. Том 6.
4. Вульф Т. К. Новая журналистика и Антология новой журналистики. – М. – 2008. – С. 574.
5. Захаров Ю. «Гонзо-журналистика в современном мире» [Электронный ресурс] // Медиаскоп»: электронное научное издание. – 2009. –URL: <http://www.mediascope.ru/node/737> (дата обращения: 24.05.2024).
6. Castells M. Communication, Power and Counter-power in the Network Society // International Journal of Communication. – 2007. Vol. 1. P. 512.
7. Cheng M. The New Trend of Journalism & Communication in the Age of Information Globalization. Procedia Social and Behavioral Sciences. Selected Papers of Beijing Forum. – 2004.
8. Jeffrey J., Horvath. A Savage Journey to the Heart of Literary Freedom: Gonzo Journalism as a Vehicle for Social Criticism in the Literary Nonfiction of Hunter S. Thompson. [Electronic resource]. Student Publications. – 2015. P. 298. Available at: [https://cupola.gettysburg.edu/student\\_scholarship](https://cupola.gettysburg.edu/student_scholarship) (accessed 25.07.2024)

9. Kiernan, Michael P. «Hunter S. Thompson and gonzo journalism as literature». [Electronic resource]. – 2015. – P. 296. Available at: <http://dc.ewu.edu/theses/296>. (accessed 25.07.2023)
10. Kilpatrick, Beau. «Coming to terms with Gonzo journalism: an analysis in Russian formalism». – 2019. URL: <https://doi.org/10.18297/etd/3207>.
11. Matthew W. The Gonzo text – the literary journalism of Hunter Thompson. Art The Roots of Fake News. 1. 09. 2020.
12. Игошина О.А. Место гонзо-журналистики в системе современных СМИ // Огарев-онлайн. –2021. – № 3. – С. 56-78.
14. Свинцицкая К. Гонзилла: как гонзо-журналистика мутировала в России [Электронный ресурс] // Livejournal. – 2011. URL: <http://lunchonthegrass.livejournal.com/348419.html>. (дата обращения 13.05.2024)
15. Steven H. Hunter S. Thompson and Gonzo Journalism: a guide to the research. 14.08. 2009.
16. James N. «New Journalism: North Dakota Quarterly. – 1989. № 57. P. 164-74.
17. Тертычный А. А. Жанры периодической печати. Учебное пособие. – М. Аспект Пресс. – 2000. URL: <http://evartist.narod.ru>.
18. Толочкова К. П. Журналистика «гонзо» – что это такое, как возникло и почему нравится креативно настроенной молодёжи? [Электронный ресурс] URL: <http://fb.ru/article/257507/jurnalistika-gonzo--chto-takoe-kak-vozniklo-i-> (дата обращения: 31.04.2024)
19. Томпсон Х. Наших бьют! Кровавый спорт, американская доктрина и водоворот тупости. – М. – 2014.
20. Томпсон Х. С. Большая охота на акул. –М. – 2012. – С. 832.
21. Тулупов К. В. Уроки журналистики : учеб. пособие для вузов. – М. Издательство Юрайт. – 2019. – С. 95.
22. Удалова Н. А. Стилль «гонзо» в современной журналистике. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.scienceforum.ru/2015/pdf/15379>. (дата обращения: 31.04.2024)
23. Zakharov Yu. Gonzo journalistika v sovremennem mire. [Electronic resource]. – 2009. Available at: <http://www.mediascope.ru/node/737>. (accessed 2.03.2024)

**М.Б. Шиндалиева**

*Университет «Тұран», Алматы, Казахстан*

### **Гонзо-журналистика**

**Аннотация.** Профессия современной журналистики становится все более социальной. Журналисты стремятся не только донести информацию и данные посредством экспертизы, но и привлечь внимание общественности к актуальности вопроса. Типология, место и специфика гонзо-журналистики в Казахстане актуальная тема в современной теории журналистики и требует всестороннего анализа. Основная цель исследовательской работы – раскрыть понятие гонзо, акцентируя внимание на преимуществах данного направления, на его место и роли в казахстанской журналистике, и сделать вывод, что в настоящее время гонзо подвергается новой интерпретации в творчестве различных авторов. В ходе исследования темы, в которой

медиафере страны отдается приоритет гонзо-журналистике, авторская журналистика которой содержит материалы в стиле гонзо, чтобы найти ответы на эти вопросы был проведен комплексный анализ. Методологией исследования было расширение научной информации путем определения особенностей использования методов и приемов профессиональной журналистики в современных средствах массовой информации. Возникновение и развитие понятия «гонзо-журналистика» в процессе развития новой индустрии средств массовой информации, ее предпосылки, методы и методы подачи информации изучены на примере казахстанских СМИ. В журналистике в стиле Гонзо на реальных текстовых материалах анализировались особенности собственного языка и стиля, из него делались теоретические выводы. Научная статья является вкладом в область журналистики, поскольку данная тема не рассматривалась в работах, изучавших область журналистики. Данная научная статья указывает путь к научным исследованиям исследователей новых направлений журналистики.

**Ключевые слова:** гонзо, журналистика, информация, автор, документ, журналистика, стиль, новые медиа.

**Shindaliyeva M.B.**

*«Turan» university, Almaty, Kazakhstan*

### **Gonzo journalism**

**Abstract.** The profession of modern journalism is increasingly becoming more social. Journalists aim not only to convey information and data through analysis, but also to draw public attention to the relevance of the problem. The typology, place and specificity of gonzo journalism in Kazakhstan in massmedia is a relevant topic in the theory of journalism today and requires a comprehensive analysis. The main goal of the research work is to reveal the concept of gonzo, focusing on the advantages of this direction, its place and role in Kazakh journalism, and to conclude that currently gonzo is undergoing a new interpretation in the works of various authors, as well as increasing the capabilities of the author and the written material to gain popularity. In the course of researching a topic in which the country's media sphere gives priority to gonzo journalism, the author's journalism contains materials in the gonzo style, a comprehensive analysis was carried out to find answers to these questions. The emergence and development of the concept of "gonzo journalism" in the process of development of the new media industry, its prerequisites, methods and methods of presenting information were studied using the example of the Kazakh media. In journalism in the Gonza style, the features of one's own language and style were analyzed using real text materials, and theoretical conclusions were drawn from it. This scientific article points the way to scientific research by researchers in new areas of journalism.

**Keywords:** gonzo, journalism, information, author, document, journalism, style, new media.

### **Referenses**

1. Babenko V. V. Osobennosti stilistiki gonzo-reportazha Hantera S. Tompsona. [Features of Hunter S. Thompson's gonzo reportage stylistics]. – SPB. – 2013. [in Russian]

2. Bazikjan S. A., Fil'chenkova A. A. Gonzo-zhurnalistika v Rossii. Uchjonye zapiski Novgorodskogo gosudarstvennogo universiteta imeni Jaroslava Mudrogo. [Gonzo-journalism in Russia. Academic notes of Yaroslav the Wise Novgorod State University]. – №2. – 2015. [in Russian]
3. Bahtin M. M. Sobranie sochinenij v 7 tomah. Problemy pojetiki Dostoevskogo. Raboty 1960-1970 g.g. Jazyki slavjanskoj kul'tury. [Collected Works in 7 Volumes. Problems of Dostoevsky's poetics. Works 1960-1970. Languages of Slavic Culture]. – М. – 2002. Tom 6. [in Russian]
4. Vul'f T. K. Novaja zhurnalistika i Antologija novoj zhurnalistiki. [New Journalism and Anthology of New Journalism]. – М. – 2008. – P. 574. [in Russian]
5. Zaharov Ju. «Gonzo-zhurnalistika v sovremennom mire» //Mediaskop»: jelektronnoe nauchnoe izdanie. [“Gonzo-journalism in the modern world” Mediascope: electronic scientific edition]. [Electronic resource]. – 2009. – Available at: <http://www.mediascope.ru/node/737>. (Accessed: 24.05.2024) [in Russian]
6. Castells M. Communication, Power and Counter-power in the Network Society // International Journal of Communication. – 2007. Vol. 1. P. 512.
7. Cheng M. The New Trend of Journalism & Communication in the Age of Information Globalization. Procedia Social and Behavioral Sciences. Selected Papers of Beijing Forum. – 2004.
8. Jeffrey J., Horvath. A Savage Journey to the Heart of Literary Freedom: Gonzo Journalism as a Vehicle for Social Criticism in the Literary Nonfiction of Hunter S. Thompson. [Electronic resource]. Student Publications. – 2015. P. 298. Available at: [https://cupola.gettysburg.edu/student\\_scholarship](https://cupola.gettysburg.edu/student_scholarship) (accessed 25.07.2024)
9. Kiernan, Michael P. «Hunter S. Thompson and gonzo journalism as literature». [Electronic resource]. – 2015. – R. 296. Available at: <http://dc.ewu.edu/theses/296>. (Accessed: 25.07.2023)
10. Kilpatrick, Beau. «Coming to terms with Gonzo journalism: an analysis in Russian formalism». – 2019. URL: <https://doi.org/10.18297/etd/3207>.
11. Matthew W. The Gonzo text – the literary journalism of Hunter Thompson. Art The Roots of Fake News. 1. 09. 2020.
12. Igoshina O.A. Mesto gonzo-zhurnalistiki v sisteme sovremennyh SMI // Ogarev-onlajn. [Place of gonzo-journalism in the system of modern media // Ogarev-online]. – 2021. – № 3. – P. 56-78.
14. Svincickaja K. Gonzilla: kak gonzo-zhurnalistika mutirovala v Rossii [Electronic resource]. Livejournal. [Gonzilla: how gonzo-journalism mutated in Russia // Livejournal]. – 2011. Available at: <http://lunchonthegrass.livejournal.com/348419.html>. (Accessed 13.05.2024)
15. Steven H. Hunter S. Thompson and Gonzo Journalism: a guide to the research. 14.08. 2009.
16. James N. «New Journalism: North Dakota Quarterly. – 1989. № 57. P. 164-74.
17. Tertychnyj A. A. Zhanry periodicheskoj pechati. Uchebnoe posobie. [Genres of periodicals. Study guide]. [Electronic resource]. – М. Aspekt Press. – 2000. Available at: <http://evartist.narod.ru>. (Accessed 17.05.2024) [in Russian]
18. Tolochkova K. P. Zhurnalistika «gonzo» – chto jeto takoe, kak vzniklo i pochemu nraivitsja kreativno nastroennoj molodjozhi? [Gonzo journalism - what is it, how did it emerge and why does the creatively minded youth like it?]. [Electronic resource]. Available at: <http://fb.ru/article/257507/jurnalistika-gonzo--chto-takoe-kak-vozniklo-i-> (accessed: 31.04.2024) [in Russian]
19. Tompson H. Nashih b'jut! Krovavyj sport, amerikanskaja doktrina i vodovorot tuposti. [Our people are being beaten! Blood sport, American doctrine and the vortex of stupidity]. – М. – 2014. [in Russian]

20. Tompson H. S. Bol'shaja ohota na akul. [ The Great Shark Hunt]. –М. – 2012. – P. 832. [in Russian]

21. Tulupov K. V. Uroki zhurnalistiki : ucheb. posobie dlja vuzov. [Lessons of journalism : textbook for universities]. – М. – 2019. – P. 95. [in Russian]

22. Udalova N. A. Stil' «gonzo» v sovremennoj zhurnalistike. [Electronic resource]. Available at: <https://www.scienceforum.ru/2015/pdf/15379>. (Accessed: 11.06.2024)

23. Zakharov Yu. Gonzo jurnalistika v sovremennem mire. [Electronic resource]. – 2009. Available at: <http://www.mediascope.ru/node/737>. (Accessed: 2.03.2024)

### **Авторлар туралы мәліметтер**

**Шиндалиева М.Б.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Тұран» Университеті, Алматы, Қазақстан.

**Шиндалиева М.Б.** – доктор филологических наук, профессор, Университет «Туран», Алматы, Казахстан.

**Shindaliyeva M.B.** – doctor of philology, professor, «Turan» university, Almaty, Kazakhstan.